

Волгодонов селосының, Береке селосының, Қойгелді селосының, 42 Разъездінің көшелер атауларын өзгерту және жаңа атаулар беру туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы Волгодонов селолық округі әкімінің 2009 жылғы 3 маусымдағы № 20 шешімі. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 маусымда № 1-4-147 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрлысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14 бабының 4 тармағына сәйкес және Волгодонов селосы 2009 жылғы 29 сәуірдегі тұрғындар жиналысының хаттамасы, Қойгелді селосының 2009 жылғы 28 сәуірдегі тұрғындар жиналысының хаттамасы, Береке селосының 2009 жылғы 28 сәуірдегі тұрғындар жиналысының хаттамасы және 42-разъезд 2009 жылғы 04 мамырдағы тұрғындар жиналысының хаттамасын есепке ала отырып, Волгодонов селолық округінің әкімі

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Волгодонов селосы көшелерінің келесі атаулары өзгертілсін: Нижняя – Есіл көшесі, Верхняя – Достық атауы, Бабатайская – Бейбітшілік атауы

Қойгелді селосы көшелерінің келесі атаулары өзгертілсін: № 1 көшеге - Абай атауы, Центральная көшесіне – Астана атауы , Молодежная көшесіне - Жастар атауы.

2. Береке селосы көшелеріне келесі жаңа атаулар берілсін: - Д.А. Қонаев атауы. 42 - разъезд көшелеріне келесі жаңа атаулар берілсін: № 1 көшесіне – Астана атауы , № 2 көшесіне – Конституция атауы.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз жауапкершілігіме қалдырамын.

4. Аталмыш шешім Аршалы аудандық әділет басқармасында тіркеуден өткен соң, ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін күшіне енеді.

В о л г о д о н о в с е л о л ы қ
округінің әкімі *Ж.Көселбаев*